



## Баға ұсынысын сұрату әдісімен сатып алу туралы хабарландыру

«Атырау жылу электр орталығы» АҚ 2021 жылға баға ұсынысын сұрату әдісімен сатып алу туралы хабарлайды:

Лот №3 «Қауіпті өндірістік құрылғыларға қызмет көрсетумен байланысты персоналды оқыту, аттестациядан өткізу және қайта аттестациялау».

2021 жылы сертификаттауға және қайта сертификаттауға жататын қауіпті өндірістік құрылғыларға қызмет көрсетумен байланысты «АЖЭО» АҚ персоналының саны - 1925 адам.

- «Қауіпсіздік және еңбекті қорғау» бағдарламасы - 60 адам;
- қауіпті өндірістік құрылғыларға қызмет көрсетуге байланысты «Қауіпті өндірістік объектілердегі өндірістік қауіпсіздік» курсы - 992 адам;
- «Бейорганикалық сұйық қышқылдар мен сілтілерді қолдану кезіндегі өндірістік қауіпсіздік» курсы - 90 адам;
- «Көтергіш механизмдерді пайдалану кезіндегі өндірістік қауіпсіздік» курсы - 250 адам;
- «Газбен жабдықтау жүйелеріне қойылатын қауіпсіздік талаптары» курсы - 240 адам;
- «Қысым жабдықтарын пайдалану кезіндегі өндірістік қауіпсіздік» курсы - 200 адам;
- «Газ кескіш» курсы - 70 адам;
- дәнекерлеушілердің сертификаты - 25 адам.

Тауарды жеткізу мерзімі мен орны: 2021 жыл ішінде, Атырау қаласы, З.Қабдолов даңғылы, 9.

Бірліктің бағасы, ҚҚС-сыз, барлық шығындарды, соның ішінде тасымалдау мен сақтандыруды, кедендік баждарды, салықтарды, алымдарды төлеуді ескере отырып, жеребе бойынша сатып алынған қызметтер: 3745,00 теңге ҚҚС-сыз.

Лот бойынша тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуға бөлінген қосылған құн салығын есепке алмағанда, барлық шығыстарды ескере отырып, оның ішінде тасымалдау мен сақтандыруға, кедендік баждарды, салықтарды, алымдарды және басқаларды төлеуге бөлінген теңгедегі жалпы сома: 7 209 125,00 теңге ҚҚС-сыз.

Төлем шарттары: Тапсырыс беруші қызмет үшін ақшалай қаражатты Мердігердің есеп шотына аудару жолымен, қызметті ұсынған факті бойынша, Мердігердің фактура-шотының негізінде келісім-шартқа отырғаннан бастап 360 күн ішінде төлейді.

Әлеуетті өнім берушілердің баға ұсыныстары Атырау қ., З.Қабдолов даңғылы, 9, 4 қабат, Сатып алу бөлімі кабинетінде 23 қараша 2020ж. сағат 12:30 дейін қабылданады.

Баға өтінімдері бар конверттер Атырау қ., З.Қабдолов даңғылы, 9, 4-қабат, акт залында 23 қараша 2020ж. сағат 14:30 ашылады.

Қосымша ақпарат: Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасына сәйкес өтінімді тапсыру, сатып алу туралы шартты жасасу және ұсыну тіліне қойылатын талаптар: қазақ тілі немесе орыс тілінде ұсынылсын.

«Атырау жылу электр орталығы» АҚ, 060005, ҚР, Атырау қ., З.Қабдолов даңғылы, 9, 8-7122 30-72-65

tec.zakup2020@gmail.com

Қосымша жалғанды:

1. Келісім-шарт жобасы.
- 2.

«АЖЭО» АҚ Президенті

Аленов М.Қ.

« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2020ж.